БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ККП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 71 (9133) | 1953 жылғы 7 апрель Сейсенбі | Шығуына 34 жыл. Жеке саны 20 тыйын

Ешкімге советтік заңдылықты бұзуға жол берілмейді. Әрбір жұмысшы, әрбір колхозшы, әрбір совет интеллигенті, өзінің азаматтық праволары советтік социалистік заңдылықтың сенімді қорғауында екенін біле отырып, тыныш және сеніммен жұмыс істей беруіне болады.

Советтік социалистік заңдылыққа қол сұғуға болмайды

Біздің баспасөзімізде, зиянкестік, шпиондық әрекеттер және совет мемлекетінің белсенді қайраткерлері жөнінде террорлық әрекеттер жасады деп айыпталған біртоп дәрігерлердің ісі жөніндегі алдын-ала тергеудің барлық материалдарын және басқа мәліметтерін жете тексерудің нәтижелері туралы ССРО Ішкі істер министрлігінің хабары жарияланды.

Тексеру нәтижесінде, бұл іс бойынша жауапқа тартылған профессорлар мен дәрігерлерді ССРО-ның бұрынғы Мемлекеттік хауіпсіздік министрлігінің теріс, ешқандай заңды негізсіз тұтқынға алғаны анықталды. Ішкі істер министрлігінің хабарында айтылғанындай, тексеру бұл адамдарға таңылған айыптардың жалған екендігін, ал, тергеу қызметкерлері сүйенген документті мәліметтердің дәлелсіз екендігін көрсетті. Тұтқынға алынғандарға таңылған айыптарды растайды-мыс деген олардың жауаптарын бұрынғы Мемлекеттік хауіпсіздік министрлігінің тергеу бөлімі қызметкерлерінің жол беруге болмайтын және совет заңдары бойынша қатаң тыйым салынған тергеу тәсілдерін қолдану арқылы алғандығы анықталды.

ССРО Ішкі істер министрлігі осы істі тексеру үшін арнаулы бөлген тергеу комиссиясының қорытындысы негізінде былай істеді: тұтқынға алынған профессорлар мен дәрігерлер өздеріне таңылған айыптардан толық ақталды және тұтқыннан босатылды.

Тергеуді теріс жүргізген айыпты адамдар тұтқынға алынып, қылмыстары үшін жауапқа тартылды.

Совет мемлекеті мүдделерінің күзетінде тұруға тиісті ССРО Мемлекеттік хауіпсіздік министрлігінің ішінде адал совет адамдарын, советтік ғылымның аса көрнекті қайраткерлерін құрбандық еткен зиянды тұшылық іс қалайша қолдан жасалды?

Бұлай болуының ең бірінші себебі — бұрынғы Мемлекеттік хауіпсіздік министрлігінің басшылары өз дәрежесінде болмады. Олар халықтан, партиядан қол үзіп, халықтың қызметшілері екенін және сол тік қоғамда, моральдік-саяси бірлікпен, пролетарлық интернационализм идеяларымен берік топталған қоғамда социалистік идеологияға мүлдем жат үлгі араздығы сезімін қоздыруға тырысты. Бұл арандатушылық мақсаттарында олар совет адамдарына шектен шыққан арсыздықпен жала жабудан да тартынбады. Жете тексере келгенде, мәселен, алаң ниетті қоғамдық қайраткер, ССРО халық артисі Михоэлсе де осындай жолмен жала жабылғаны анықталды.

ССРО Ішкі істер министрлігінің хабарынан көрінін отырғанындай, бұрынғы Мемлекеттік хауіпсіздік министрлігінің органдары советтік заңдылықты өрескел бұзды, озбырлыққа және билікті заңсыз пайдалануға жол берді. Мұндай қылмыстық әрекеттердің ұзақ уақыт әшкереленбей қалуы және жазасыз кетуі мүмкін емес, өйткені, Совет Үкметі еліміздің азаматтары праволарының күзетінде тұрады, бұл праволарды қамқорлықпен сақтайды, озбырлыққа жол берушілерді, бет ажарына және дәрежесіне қарамастан, қатты жазалайды.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі барлық ұйымдарымыздың, бүкіл мемлекет аппаратының жұмысы басшы органдардың және бүкіл советтік қоғамның қатты бақылауында болуын үнемі талап етіп келді және талап етуде. Қазір, совет халқы еліміздегі социализмнің жеңісінің маңызын терең сезіп және түсініп отырған кезде, біз советтік, социалистік заңдылықты бұлжытпай орындау жөнінде ерекше қырағы болып, ерекше қатаң талаптар қойып отыруға тиістіміз.

Мемлекет аппаратындағы кемшіліктерді, оның ішінде, мемлекеттік аппараттың жеке қызметкерлері істейтін озбырлық және заңсыздық фактілерін батыл аша отырып, бұл кемшіліктерді мейлінше батылдықпен және ымырасыздықпен жоя отырып, Совет Үкметі оны халыққа ашық және турасынан айтады. Мұның өзі советтік мемлекеттің, социалистік құрылыстың ұлы күшін дәлелдейді. Бұл күштің қайнар көзі ук-

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінде

Республиканың колхоздары мен совхоздарында су шаруашылық шараларын жүргізу туралы

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті, республиканың колхоздары мен совхоздарында ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру және жемшөп базасын нығайту ісінде ерекше зор маңызы бар көктемгі су шаруашылық шараларын жүргізу жоспарының орындалуы өте қанағаттанғысыз екенін атап көрсетеді.

Республиканың ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы органдары, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттері Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің 1952 жылғы 28 ноябрьдегі қаулысында белгіленген көлдетін суарылатын жерлерді әзірлеу жөніндегі тапсырманың орындалуын қамтамасыз етпеді, жерді көлдетін суару жүйелерін әзірлеу жоспары бірінші апрельге дейін 76 процент орындалды. Бұл жұмыс әсресе Батыс Қазақстан, Павлодар, Көкшетау және Шығыс Қазақстан облыстарының колхоздары мен совхоздарында өте артта қалып келеді. Бірқатар аудандарда бөгеттер, тоспалар және валдар жасау жұмысы техникалық талаптарға сай жүргізілмейді. Мұның өзі жерді көлдетін суарудың тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Қар суын тоқтату, жер суару жүйелерін егін суаруға әзірлеу, жер суарудың жаңа жүйесіне көшуге байланысты егін суару жүйесін қайта жасау, топырақты ылғал сіңіру үшін жер суару жұмыстарының барысы қанағаттанғысыз.

Қар суын тоқтату жоспары небары 19 процент, ылғал сіңіріп суару 10 процент, каналдарды тазарту және жөндеу 45 процент, гидротехникалық құрылыстарды және гидропостарды жөндеу 51 процент, насос станцияларын жөндеу 47 және басқа су шаруашылық жұмыстарын жүргізу жұмыстарына әлі пайдаланылмай отыр. Ондағы жұмыс істеп жүрген машиналардың өнімділігі өте төмен.

Бірсыпыра МТС-тер, машина-малшаруашылық станциялары және машина-мелиорация станциялары жер қазатын машиналармен жұмыс істейтін механизаторлар кадрларымен қамтамасыз етілмеген, бұл кадрларды даярлаудың барысы нашар, мұның өзі көптеген машиналар мен механизмдердің жұмыссыз қарап тұруына әкеп соғуы мүмкін.

Ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы органдарының көптеген мамандары жерді көлдетін суару жұмыстарына және басқа су шаруашылық шараларында техника жағынан басшылық етпейді, колхоздар мен совхоздарға қажетті көмек көрсетпейді, ішін мәнісінде бұл маңызды істен бір шеткай қалып келеді.

Ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы органдары, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың басшылары былтырғы көктемгі ерекшеліктерін ескермей келеді, қар суын және тасқын суды неғұрлым көп тоқтатуға, топырақтағы ылғал қорын толық сақтауға батыл шаралар қолданбай отыр, су қоймалары, шабындықтарды, жайылымдарды суару ауылшаруашылық дақылдары егілетін жерлерді ылғалдандырып суару қажетіне нашар пайдаланады.

Облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттері колхоздар мен совхоздардағы су шаруашылық жұмыстарына күнбе-күн басшылық етіп отырмайды, колхозшылар мен совхоз жұмысшылары қалың бұқарасын бұл аса маңызды

және су шаруашылығы органдарына, партия және совет ұйымдарына мыналар тапсырылды:

Колхозшыларды және совхоз жұмысшыларын жерді көлдетіп суару жүйелерін жасау, жер суару жүйелері мен құрылыстарын тазарту және жөндеу, топырақты ылғалдандырып суару және шабындықтар мен жайылымдарды жайып суару жұмыстарына жаппай шығару тезінен ұйымдастырылсын және бұл жұмыстардың тамамдалуы қамтамасыз етілсін;

тасқын суларды жерді көлдетіп суаруға толық пайдалану мақсатымен жаппай бөгеттер, тоспалар, дамбалар, каналдар жасау ұйымдастырылсын, бұл құрылыстарды жасаудың сапасына ерекше көңіл бөлінсін және көлдетіп суаруға әзірленген барлық жерлердің толық суландырылуы қамтамасыз етілсін. Су тасу мерзімі бойына жерді көлдетіп суарудың әрбір құрылысына, су құрылыстарын күн тәулігі бойына күзететін және жерді жайып суаруға байланысты қажетті жұмыстарды жүргізетін колхозшылар мен совхоз жұмысшылары бекітіп берілсін;

барлық колхоздар мен совхоздарда ауыл шаруашылық дақылдарының егістік жеріне қар суын тоқтату, топырақтағы ылғалды сақтау жұмыстары кеңінен жүргізілсін; қазіргі су қоймалары мен тоғандарға егін суаратын судың жыйналуы және су қорларының топырақты ылғалдандырып суару қажетіне толық пайдаланылуы қамтамасыз етілсін;

барлық жер суару каналдарын, гидротехникалық құрылыстарды және гидротораптарды тазартып жөндеу таяудағы күндерде аяқталсын; мұның үшін жергілікті құрылыс материалдары толық пайдаланылсын.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қа-

орындалуының барысын өздерінің мәжілістерінде талқылау, бұл істегі кемшіліктерді жою, су шаруашылық жұмыстарына қажетті мөлшерде колхозшылар, транспорт құралдарын бөлу және барлық су шаруашылық шараларының таяудағы күндерде аяқталуын, барлық су қорларының шабындықтар мен жайылымдарды жайып суаруға және ауылшаруашылық дақылдарын суарута толық пайдаланылуын қамтамасыз ету ұсынылды.

Ауыл шаруашылығы органдары әрбір шаруашылық бойынша суды пайдалану жоспарларын жасауды неғұрлым қысқа мерзімде аяқтап, егін суаратын барлық судың дұрыс және үнемді пайдаланылуына аса қатты бақылау қоюға міндетті.

Жер суарудың жаңа жүйесіне көшуге байланысты жер суару жүйесін қайта жасаудың көктемгі маусымға белгіленген жоспарын орындауға ерекше зор маңыз беріп, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті ауыл шаруашылығы, мақта шаруашылығы министрліктеріне және олардың жергілікті органдарына, облыстық атқару комитеттері мен облыстық партия комитеттеріне жер суару жүйесін қайта жасау жұмыстарын күшейтуге барлық қажетті шараларды қолдануын, бұл жұмыстарға Оңтүстік Қазақстан облысында кемінде 15 мың колхозшы, Жамбыл облысында 8 мың, Қызылорда облысында 2 мың, Талдықорған облысында 8 мың, Алматы облысында 1 мың, Семей облысында 3 мың және Шығыс Қазақстан облысында 4500 колхозшы болуды, МТС-тер мен машина-малшаруашылық станцияларының, машина-мелиорация отрядтарының барлық жер қазатын механизмдерін осы жұмысқа қосуды және жер суару жүйесін қайта жасау жөніндегі

веттік заңдылықтың күзетінде тұруға міндетті екенін ұмытты. Бұрынғы мемлекеттік хауіпсіздік министрі С. Игнатьев саяси соқырлық және ашықауыздық көрсетті, министрдің бұрынғы орынбасары және тергеу бөлімінің бұрынғы бастығы, тергеуге тікелей басшылық еткен, қазір тұтқынға алынған Рюмин сыяқты қылмысты авантюристердің жетегінде болды. Рюмин мемлекетіміздің, халқымыздың астыртын жауы ретінде әрекет етті. Совет мемлекетінің нағыз жауларын, нағыз шпиондар мен диверсанттарды әшкерелеудің орнына, Рюмин үкметті алдау жолына, қылмыстық авантюризм жолына түсті. Мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің жоғары атағын және өздерінің партия алдындағы, халық алдындағы жауапкерлігін аяқасты етіп, Рюмин және Мемлекеттік хауіпсіздік министрлігінің басқа кейбір қызметкерлері өздерінің қылмыстық мақсатын көздеп айыптау материалдарын тікелей қолдан жасауға дейін барды, советтік заңдылықты өрескел бұзды, совет азаматтарының Конституциямызда жазылған ешкімнің қол сұғуына болмайтын праволарын қорлауға дейін барды.

Біртоп дәрігерлердің айыпталуына байланысты құрылған медициналық-сараптау комиссия да өз дәрежесінде болмады. Бұл комиссия кезінде А. С. Щербаковқа және А. А. Ждановқа қолданылған емдеу әдістері жөнінде теріс қорытынды берді. Ауырудың тарихына және басқа материалдарға ғылми алалдықпен және әділеттілікпен талдау жасау орнына, бұл комиссия тергеудің жасанды материалдарының ықпалына берілді және медицинаның бірқатар көрнекті қайраткерлеріне таңылған жала, жасанды айыптарды өзінің беделімен қуаттады. Мұнымен бірге, емдеудің дұрыс жүргізілгенін дәлелдейтін емдеу процедурасының кейбір маңызды жақтарын тергеудің сараптыларын жасырып қалғаны атап өту қажет.

Советтік медицинаның бірқатар көрнекті қайраткерлеріне таңылған айыптаулардың түгелімен жалған болып шыққанын, мұның өзі мемлекетіміздің адал және құрметті қайраткерлеріне арамзалықпен жала жапқандық болғанын совет халқы қанағаттанғанық сезіммен есітті. Совет азаматтарын, советтік медицинаның аса көрнекті қайраткерлерін заңсыз тұтқынға алуға, тергеуді тікелей бұрмалауға, өздерінің азаматтық борышын қылмыстылықпен бұзуға тек советтік бейнесін және адамдық қасиетін жойған адамдардың ғана батылы барды.

Рюмин сыяқты жексұрын авантюристер өздері қолдан жасаған тергеу ісімен советтік заңдылықты, мемлекетіміздің халықпен тығыз және берік байланыстылығында, өзінің бүкіл қызметінде халыққа сүйеніп отырғандығында, халықтың тұрмыс мүдделеріне сай келетін саясатты бұлжытпай дәйектілікпен жүргізетіндігінде.

Қайтыс қуатқа және творчестволық күшке сүйенген социализм елі коммунизм орнату жолында сеніммен алға басуда. Совет Одағында қанаушы таптар әлде қашан жойылды. Сондықтан Совет мемлекетіне қарсы бүлдіршілік қыйымыл жүргізуге шетелдік реакцияшыл күштер өздерінің әрекетінде біздің еліміздің ішінен қандай болса елеулі әлеуметтік тірек таба алмайды. Бірақ, капиталистік қоршау болып отырғанда, біздің елімізге шпиондар, диверсанттар өткізу әрекеті жасалатынын және мұндай әрекет келешекте де болмай тұрмайтынын совет адамдары біледі. Жеке сілтімтіктерді, буржуазиялық идеологияны таратушыларды, азғындарды совет еліне қарсы мақсатқа пайдалану әрекеті де жасалады. Халықтың бұл нағыз, жария және астыртын жауларына қарсы, Совет мемлекетінің жауларына қарсы құралымызды әрдайым әзір ұстау керек. Партия біздерді әрдайым қырағы болуға үйретеді.

ССРО Конституциясында Советтік социалистік мемлекет азаматтарының ұлы праволары жазылған. ССРО Конституциясының 127-статьясы ССРО азаматтарының өз бастарына ешкімнің тимеуін қамтамасыз етеді. Соттың қаулысынсыз немесе прокурордың рұқсатынсыз ешкімді тұтқынға алуға болмайды.

Социалистік заңдылық, совет азаматтарының ССРО Конституциясында жазылған праволарын қорғау —Советтік мемлекетті онан сайын өркендетін, нығайтудың аса маңызды негізі.

Ешкімге советтік заңдылықты бұзуға жол берілмейді. Әрбір жұмысшы, әрбір колхозшы, әрбір совет интеллигенті, өзінің азаматтық праволары советтік социалистік заңдылықтың сенімді қорғауында екенін біле отырып, тыныш және сеніммен жұмыс істей беруіне болады.

Ұлы Совет мемлекеті азаматы, өзінің ССРО Конституциясында кепілдік жасалған праволарын Совет Үкметінің қасиеттер орындап, сақтайтындығына сенуге болады.

ССРО халықтарының өздерінің Совет Үкметі төңірегіне онан сайын тығыз топталуының, Отанымыздың қуатының онан сайын нығаюының және Совет Одағының халықаралық беделінің үздіксіз өсуінің маңызды шарттарының бірі, осы.

(«Правданың» 6 апрельдегі басмақаласы).

МАЛЫ ӨСКЕН КОЛХОЗ

Сталин атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) қоғамдық малының саны барған сайын көбейе түсіп келеді. Мұнда, әсресе, қой шаруашылығы күшті қарқынмен өркендеуде.

Қойдың жүйлі өсірілуі Усанина, Черепанова, Петухова, Яковлева жолдастар сығыңқты шопандардың жемісті еңбектерінің нәтижесі.

Бұл күндері шопандар төл алуда қажырлы еңбек етіп жүр. Олар көзірдің өзінде 300-ден астам қозы алды. Алынған қозылардың күтімі жақсы. Шопандар қозыны көп алып, үстіміздегі жылы қой санын еселеп көбейтпек.

процент және жер суару жүйесін дамытуға жасау небары 4 процент орындалды.

Су шаруашылық жұмыстарының жоспарын орындау ісінде Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Талдықорған және Қызылорда облыстарының колхоздары мен совхоздары мықтап артта қалуда. Бұл облыстардың мақтадан, қант қызылшасынан және басқа ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу жөніндегі міндеттемелерін орындау үшін, бұл облыстарда жер суару жүйесін егін суаруға мезгілінде әзірлеудің, барлық су қорларын дұрыс және толық пайдаланудың шешуші маңызы бар. Бұл облыстардың көптеген МТС-тері, колхоздары және совхоздары жер суару жүйесін қайта жасауға әлі кіріскен жоқ және каналдарды тазарту, жөндеу жұмысын әлі аяқтаған жоқ.

Қар шашпаң еритін республиканың батыс және шығыс облыстарында қар суын тоқтату және жерді көлдетіп суару жүйелерін әзірлеу жұмыстарының барысы өте шабан. Бұл облыстарда жұмыстың бір күн болса да кідіруі су қорларының көп ысырап болуына, шабындықтарды суландыру және ауылшаруашылық дақылдарын суару тапсырмаларының орындалмай қалуына әкеп соғуы мүмкін.

Көп МТС-терде, машина-малшаруашылық станцияларында және машина-мелиорация станцияларында жер қазатын машиналар мен механизмдерді жөндеу әлі аяқталған жоқ, бұл машиналар мен механизмдер жер суару жүйесін қайта жасау, жерді көлдетіп суару жүйелерін жасау

ғы және су шаруашылығы органдарының, колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің, машина-мал шаруашылық станцияларының, машина -мелиорация станцияларының базаларына қатан талаптар қоймайды, олардан су шаруашылығы құрылысы және жер суару жүйелерін егін суаруға әзірлеу жұмыстарының белгіленген тапсырмаларын мезгілінде сапалы етіп орындауды талап етпейді.

Былыл ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу, қоғамдық мал шаруашылығының тұрақты жемшөп базасын жасау үшін барлық су шаруашылық шараларын мерзімінде жүргізуге және барлық су қорларын толық пайдалануға ерекше зор маңыз берін. Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың ауыл шаруашылығы, совхоздар, су шаруашылығы, мақта шаруашылығы министрліктеріне, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы су шаруашылығының жоғарғы басқармасына, облыстық атқару комитеттері мен облыстық партия комитеттеріне су шаруашылық шараларын жүргізудің барысында көрінген кемшіліктерді жоюға шұғыл шаралар қолдануды, жерді көлдетіп суаратын құрылыстар жасау, жер суару жүйесін қайта жасау, жер суару жүйелерін егін суаруға әзірлеу, 1953 жылы суармалы жерлер мен су қорларын толық пайдалану жөніндегі белгіленген тапсырмалардың сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуді міндеттеді.

Республиканың ауыл шаруашылығы

закстан КП Орталық Комитеті республиканың ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы министрліктеріне, су шаруашылығының жоғарғы басқармасына МТС, машина-малшаруашылық станциялары, машина-мелиорация станциялары басшыларының және мамандарының су шаруашылық жұмыстары жоспарының орындалуына жауаптылығын күшейтуге, барлық жер жатын механизмдерді жөндеудің аяқталуын, олардың толық және неғұрлым өнімді пайдаланылуын қамтамасыз етуді, әрбір МТС-ті, машина-малшаруашылық станциясын және машина-мелиорация станциясын әрбір механизмнің екі сменамен жұмыс істеуін қамтамасыз етерлік мөлшерде механизатор кадрлармен толықтыруға қажетті шаралар қолдануды міндеттеді.

Ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы аудандарында су шаруашылық құрылысының барысына және егін суаруға әзірленуге ұйымдастыру және техника жағынан күнбе-күн басшылық жасалып отыруын қамтамасыз ету, мамандардың колхоздар мен совхоздардағы барлық су шаруашылық жұмыстарының мезгілінде, сапалы етіп жүргізілуіне жауаптылығын және бұл істегі ролін күшейту тапсырылды.

Колхоздардың басқармаларына жерді көлдетіп суаратын құрылыстар жасау, каналдарды тазарту және жөндеу, жер суару жүйесін қайта жасау, топырақты ылғалдандырып суару жұмыстарының

облыстарда осы жылғы 1 майға дейін, басқа облыстарда 15 майға дейін сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуді міндеттеді.

Облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттері, су шаруашылық құрылысының барысын үнемі бақылап отыруға, өздерінің мәжілістерінде құрылыстың, егін суаруға әзірліктің және егін суарудың барысы туралы аудандардың, ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы органдарының басшыларының, колхоздардың председательдерінің, совхоздардың, МТС-тердің, машина-малшаруашылық станцияларының және машина-мелиорация станцияларының директорларының есептерін үнемі тыңдап отыруға, бұл істегі кемшіліктерді жоюға тиісті шаралар қолдануға міндетті.

Республикалық, облыстық және аудандық газеттер су шаруашылық шараларын орындаудың барысын, алдыңғы қатарлы колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің, машина- малшаруашылық станцияларының, машина-мелиорация станцияларының және аудандардың тәжрибесін үнемі баяндап, ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы органдарының су шаруашылық құрылысы жоспарларын орындау, республиканың колхоздары мен совхоздарында егін суаруға әзірлік жасау, егін суару жөніндегі жұмысының кемшіліктерін қатты сынап отыруға тиіс.

Қар суын бөгеуге мән бермей отыр

Егін өнімін арттырудың негістік жерге көктемде қар суын бөгеп, ылғал жинаудың маңызы ерекше зор. Жерге ылғал жинау егіннің барлық көлемінен мол өнім алуға қолайлы жағдай туғызатыны тәжрибеден айқын көрініп жүр.

Былыл негістік жерге қар қалың түсті. Демек, көктемде негістік алаңқа ылғалды мол жинауға болады. Ол үшін қар суын бөгеу жұмыстарын көзірден бастап жүргізу, негістік алаңқа су тоқтататын бөгеттер жасау қажет. Қар суын бөгейтін бөгеттер жасауда МТС-тер бірқатар жұмыстар істеуге тиіс.

Алайда, Булаев, Калинин атындағы МТС-тер бұл жұмысқа әлі күнге дейін кіріспей отыр. Булаев МТС-і (директоры Лепехин жолдас) өзара жасасқан шарт бойынша қамтылған колхоздарға 1500 гектар жерге қар суын тоқтататын бөгеттер жасап беруге тиіс еді. Көзір колхоздардың егіс даласында қар ерп бастады. Солай бола тұрса да, МТС бөгеттер жасауды әлі күнге дейін қолға алған жоқ.

—Қар суын бөгеу жұмыстарына қашан кірісесіздер? —деген сұраққа МТС директоры Лепехин жолдас:

—Қар бір күнде ерп кете қоймайды. Уақыт жетеді, бөгетті қар әбден ерп, кете бастағанда қолға алсақ та жасап үлгереміз. Асығатын не бар?,— деп жауап берді.

Міне, МТС басшылары осындай жайбарақаттыққа салынып, қар суын бөгеуге әзірлік жұмыстарын қолға алмай кеңже қалдырып отыр. Тұрасын айту керек, МТС басшылары егін өнімін арттырудың басты шараларының бірі— қар суын бөгеуге жеткілікті мән бермей келеді. Ал, колхоздар да барлық сенімді МТС-ке артып, қар суын бөгеу жөнінде ешқандай шаралар жүзеге асырмай отыр. Бұларда да қар суын бөгеуге әзірлік жұмыстары төзгісіз артта қалған.

Калинин атындағы МТС-те де (директоры Елкин жолдас) істің жайы мүлде қанағаттанғысыз. Рас, бұл МТС негістік алаңқа қардан бөгеттер жасауға тракторлар бөлген. Бірақ, олардың жұмыс істеуі тиісті дәрежеде емес. Тракторлардың көпшілігі жұмысқа қосылмай бұзылып тұр. МТС басшылары оларды жөндеп, жұмысқа қосуды қамтамасыз етпей келеді: Соның салдарынан қар суын бөгеу жұмыстары өте баяу жүргізілп отыр. МТС Калинин атындағы колхозда 300 гектар негістік алаңқа қар суын тоқтататын бөгеттер жасауға тиіс еді. Бұл үшін МТС колхозға трактор да жіберді. Алайда, небары 20 гектардай жерге су тоқтататын бөгеттер жасағаннан кейін ол жарамсыз болып, жұмысқа қосылмай тұр. Осы сыяқты, Стаханов атындағы, Коминтерн атындағы, «Красное знамя» колхоздарына жіберілген тракторлар да жұмысқа жарамсыз. Осы күнге дейін олармен бірде-бір гектар жерге су тоқтататын бөгеттер жасалған емес. Ал, ол тракторларды толық қуатымен жұмысқа қосу жөнінде МТС тарапынан ешқандай көмек жоқ.

Қар суын бөгеу —егіннен мол өнім алудың басты шарттарының бірі. Олай болса, МТС басшылары уақытты өткізбей, өздерінің қар суын бөгеу жөніндегі колхоздармен жасасқан шартын мінсіз жүзеге асырудың нақтылы шараларын белгілеуге міндетті.

Қар суын бөгеу жұмысына немқұрайды қарауға болмайды. Булаев аудандық ауылшаруашылық бөлімі әрбір колхоз, совхоз бен МТС-тің қар суын тоқтату жұмысын дереу бастап, бұл жұмыстың тыңғылықты ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге міндетті. Ал, Булаев ауданының колхоздары мен совхоздарында қар суын бөгеуді ойдағыдай ұйымдастыруға толық мүмкіншілік бар.

Б. ЖАҚЫПОВ.

(Өз тілшіміз).

Ылғал үшін күрес

ҚАРАҚОҒА. **(Телефон арқылы алынды).** Полудень ауданының бірқатар колхозлары егіннің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алу жолындағы күресті күшейте түсуде.

«Победа» колхозы өткен жылы бірталай негістік участоктерге және табиғи шабындықтарға қар суын бөгеген еді. Колхоз қар суы тоқтатылған участоктерден астық пен шөпті көп алды. Мәселен, мұнда қар суы бөгелген 50 гектар негістік алаңның әрбір гектарынан 27 центнерден өнім жыйналды. Бұл колхоздың мүшелері быйыл 300 гектардан астам негістік алаңқа және шабындықтарға қар суын бөгемек.

Қар суын бөгеуге әзірлік жұмыстары Чапаев атындағы, Сталин атындағы колхоздарда да қызу жүргізілуде. Чапаев атындағы колхозда 280 гектар жерге қар суын тоқтататын бөгеттер жасалды. Механизаторлар бұл жұмыста стахановтық еңбектің үлгілерін көрсетіп жүр. Мысалы, Сталин атындағы колхозда трактористер Қандыбаев, Бравлик жолдастар ПАТИ тракторымен күніне 50—60 гектар жерге қардан бөгеттер жасайды.

Осы сыяқты қар сауын тоқтататын бөгеттер жасау ауданның Ворошилов атындағы және «Прогресс» колхоздарында да үлгілі ұйымдастырылған. «Прогресс» колхозында 300 гектар орнына 470 гектар жерге қар суы бөгелтілетін болған.

ҮГІТШІЛЕРГЕ КӨМЕК

Совет халқының материалдық әл-ауқатының үздіксіз өсуі

Совет Отағының Коммунистік партиясы мен Совет Үкметі халқымыздың әл-ауқат және мәдени дәрежесін үнемі арттыру ісіне әрқашан ерекше назар аударып келеді. Өйткені, бұл іс біздің партиямыз үшін ең жоғарғы заң болып табылады.

Кемеңгер көсеміміз И. В. Сталин жолдасты жерлеуге арналған қаралы митингте Г. М. Маленков жолдас былай деді: «Ішкі саясат саласында біздің негізгі қамқорлық жасайтын басты ісіміз—жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның, барлық совет адамдарының материалдық әл-ауқатын онан әрі үздіксіз жақсарта беру. Халықтың игілігіне, оның материалдық және мәдени керектерін барынша толық қанағаттандыруға үздіксіз қамқорлық жасау міндеті біздің партия мен үкмет үшін заң болып табылады».

И. В. Сталин жолдас өзінің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбегінде социализмнің негізгі экономикалық заңын ашып берді. Сталин жолдас бұл шығармасында социалистік өндірістің мақсаты халқымыздың әл-ауқат, мәдени күйін жақсарта беру екендігін ашып көрсетті. Социалистік өндірістің қызметі «...бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін жоғарғы техника негізінде социалистік өндірісті үздіксіз өсіріп, жетілдіру жолымен барынша толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету» деп көрсетті Сталин жолдас.

Социализмнің негізгі экономикалық заңы қоғамдық өндірістің ең мәнді жағын анықтап, социализмнің капитализмнен түбірлі артықшылығын айқын көрсетіп береді. Егер капиталистік өндірістің мақсаты барынша көп капиталистік пайданы қамтамасыз ету болса, социалистік өндірістің мақсаты құр пайда келтіру емес, адамның керектері мен тілектерін қанағаттандыру болып табылады.

Социализмнің негізгі экономикалық заңының қызметі социалистік өндіріс тәсілінің бүкіл дамуын белгілейді, қоғамның өндіргіш күштерінің қауқарын өсуіне, бүкіл қоғамның материалдық және мәдени дәрежесінің үздіксіз артып отыруына жол ашады.

Совет Одағының Коммунистік партиясы осы заңды білім және оған сүйене отырып, еліміздің халық шаруашылығының қарыштап өркендеуін қамтамасыз етіп келеді. Халық шаруашылығының барлық салаларында қол жеткен табыстар совет қоғамының материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін бұрынғыдан да арттыра түсуде.

Мемлекеттік бөлшек сауда бағаларының үнемі кемітілуінде болып отыр. 1946 жылы 9 февральда сайлаушылар алдында Коммунистік партияның жоспарларын баяндай келіп, Сталин жолдас алдағы уақытта да тұтыну құрал-жабдықтарын мол өндіруге ерекше назар аударылып, барлық товарлардың бағасын үнемі арзандату арқылы еңбекшілердің әл-ауқаты үздіксіз жақсара беретіндігін атап көрсетті. Партияның бұл жоспарлары ойдағыдай жүзеге асырылуда. 1947—1952 жылдар арасында мемлекеттік бөлшек сауда бағалары бес рет арзандады. Былыс, ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің қаулысы бойынша бөлшек сауда бағалары жаңадан —алтыншы рет арзандатылып отыр. Бұл қаулы Коммунистік партия мен Совет Үкметінің халыққа күнбе-күн көрсетіп отырған қамқорлығының айқын белгісі, еңбекшілердің материалдық және мәдени керектерін барынша толық қанағаттандыруды қамтамасыз етудің жарқын бейнесі болып табылады.

Бағаның жаңадан алтыншы рет арзандауында бірнеше ерекшеліктер бар. Кәзіргі азық-түлік және өнеркәсіп товарларының барлық түрінің бағалары арзандады. Екіншіден, бағаның бұрынғы арзандауларына қарағанда, соңғы арзандаудың нәтижесінде еңбекшілер анағұрлым көп пайда көргелі отыр. Оны мынадай фактілерден айқын көруге болады: 1951 жылы мемлекеттік және кооперативтік сауда жолымен алғанда бағалардың арзандауынан еңбекшілердің тапқан пайдасы 27,5 миллиард сом. 1952 жылы 23 миллиард сом болса, халықтың бұйыны арзандаудан көретін пайдасы 46 миллиард сом болмақ. Сонымен қатар мемлекеттік және кооперативтік сауда бағаларының арзандауымен байланысты колхоз рыноктерінде де бағалар арзандап, кемінде 7 миллиард сом қосымша пайда түспекші.

Бөлшек сауда бағаларының жаңадан арзандатылуы нәтижесінде халықтың әл-ауқат дәрежесі анағұрлым артумен бірге, советтік сомның сатып алу қабілеті бұрынғыдан әрі көтеріледі. Бағалардың осы арзандауымен байланысты жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы едәуір өседі, пенсия және стипендия алушылардың тұрмыстық жағдайы жақсара түседі, шаруалардың да табыстары анағұрлым өседі. Егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерінің мемлекеттік дайындау бағалары бұрынғы қалпында қалады да, шаруалар өнеркәсіп товарларын жаңа, арзан бағамен сатып алады.

дия төленеді. Біздің елімізде еңбекшілерге медициналық жәрдем ақысыз көрсетіледі. Еңбекшілердің алған осы жеңілдіктері мен жәрдемдері 1952 жылы 129 миллиард сом ға жетті. Бұл—соғыстан бұрынғы 1940 жылмен салыстырғанда үш еседен астам деген сөз.

Партия мен совет мемлекеті еңбекшілердің тұрғын үй жағдайларын жақсартуға зор қамқорлық жасап отыр. Соғыстан кейінгі уақыттың ішінде қалалар мен жұмысшы поселкелерінде еңбекшілер үшін салынған тұрғын үйлердің жалпы көлемі 155 миллион шаршы метрден асты, ал селолық жерлерде 3,8 миллионнан астам тұрғын үйлер салынды.

Біздің елімізде халық ағарту ісі мен мәдениет кең өріс алды. И. В. Сталин жолдастың барлық жұмысшылар мен барлық шаруаларды сауатты және мәдениетті ету жөніндегі даналық нұсқауы ойдағыдай жүзеге асырылуда.

Соғыстан кейінгі бесжылдық ішінде халық ағарту ісіне 258,9 миллиард сом қаржы жұмсалды, демек, әрбір адамға мың сомнан артық қаржы жұмсалды. Бастауыш, жетіжылдық және онжылдық мектептердің саны көбейді. Осы мектептерде және техникумдарда, тағы басқа орта дәрежелі оқу орындарында оқушылардың саны жылдан -жылға өсуде. Елімізде кәзіргі уақытта оқушылардың саны 57 миллион адамға жетті яғни 1940 жылғыдан 8 миллиондай адам артты.

Халық ағарту жұмысы, әсресе, ұлт республикаларында мейлінше кең өріс алды. Совет өкметі жылдарында оқушылар саны Қырғызстанда 43 есе, Өзбекстанда 65 еседен астам, Қазақстанда 72 есе өсті. Кәзіргі уақытта Совет Одағындағы барлық республикалардың халқы жаппай сауаттанды. Мұндай жағдай бірде-бір капиталистік мемлекетте болған да емес және бола да алмайды.

Соғыстан кейінгі жылдарда советтік ғылым бұрын-соңды болып көрмеген қарқынмен кең өріс алды. И. В. Сталин жолдастың нұсқауымен өткізілген философия, биология, тіл білімі, физиология, саяси экономия мәселелері жөніндегі ғылми айтыстар советтік ғылымның бұрынғыдан да қарыштап дамуына үлкен әсер етті.

Совет мәдениетінің жылдан жылға қулаш жая кең өріс алып отырғанын баспасөзіміздің мейлінше көп дамуынан, мұзейлер мен кинотеатрлардың, клубтардың, кітапханалардың және мәдениет сарайдарының санының [illegible]

Облысымызда

Бірінші май қарсаңындағы социалистік жарысқа қосыла отырып, «Комсомолка» тігін фабрикасының мастері Валентина **Гашенева** сменасына 2 нормадан өнім беруде.

СУРЕТТЕ: Валентина **Гашенева**.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Финанс қызметкерлерін наградтау

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы көп жылдар бойына және мінсіз істеген жұмысы үшін облысымыздың финансы-кредит системасының біртоп қызметкерлерін ордендермен және медальдармен наградтады.

Облыстық ауылшаруашылық банкінің бас бухгалтері Александра Дмитриевна Воротова жолдас Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

«Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен 4 адам наградталды. Олардың ішінде қалалық финанс бөлімінің инспекторы Агафья Степановна Вольд, облыстық ауылшаруашылық банкінің бастығы Анатолий Алексеевич Васильев жолдастар бар.

Облысымыздың 12 финанс қызметкері «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен наградталды.

Құдық қазу жоспары мерзімінен бұрын орындалды

Облыстық су шаруашылығы бөлімі колхоздарда қоғамдық малды суару үшін бірінші тоқсанның құдық қазу жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Октябрь аудандық Советінің атқомі колхоздарда қоғамдық малды суару үшін құдықтар қазу жұмысына ерекше мән беріп отыр.

Франция И. В. Сталин Шығармаларының бірінші томының шығуы

ПАРИЖ, 4 апрель. (СОТА). Бүгін Францияда И. В. Сталин Шығармаларының бірінші томы баспадан шықты. Осыған байланысты И. В. Сталин еңбектеріне арналып, осы томға кірген Жак Дюклоның мақаласы «Юманите» газетінде басылып шықты.

Бейбітшілікті қорғаудың Бүкілвьетнамдық екінші конгресі

ШАНХАЙ, 3 апрель. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігінің хабарына қарағанда, Вьетнам Демократиялық Республикасында 19 марттан 22 мартқа дейін бейбітшілік қорғаудың Бүкілвьетнамдық екінші конгресі болып өткен.

Конгресс жұмысының басталар алдында делегаттар Генералиссимус И. В. Сталинді және Чехословакияның Президенті Готвальдты бір минут үнсіз тұрып еске түсірді.

Бейбітшілікті қорғаудың Вьетнам комитетінің председателі Ле Дин Там баяндама жасап, соңғы бірнеше жылдың ішінде бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік қозғалысы дамуының негізгі кезеңдерін атап көрсетті.

Вьетнамның ұлттық тәуелсіздігі және бостандығы үшін, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау үшін күресуші вьетнам халқының табыстарына конгресте шолу жасалынды.

Делегаттар өздерінің сөздерінде Совет Одағының, Қытайдың, халықтық демократия елдерінің халықтарымен және бүкіл дүние жүзінің бейбітшілік сүйгіш халықтарымен достықты нығайтудың қажеттігін атап көрсетісті.

Конгреске қатысушылар вьетнам халқын конгресс қарарларын жүзеге асыру күресіне шақырған үндеудің текстін бірауыздан қабылдады.

Конгресте бейбітшілікті қорғаудың Вьетнам комитетінің жаңа құрамы сайланды. Комитеттің құрметті председательдігіне республика президенті Хо Ши Мин бірауыздан сайланды.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 4 апрель. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Корей Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің құрамалары Секмядон ауданында өткен күні душпанға қарсы артиллериялық атыстар жүргізді деп хабарлады.

Бүгін жау самолеттерін атқыштар душпанның 3 самолетін атып түсірді.

ПХЕНЬЯН, 5 апрель. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Корей Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері өткен күні Пәнамдон ауданында душпанның шолғыншы отрядтарына қарсы болмашы ұрыстар жүргізді деп хабарлады.

Кеше түнде американ самолеттері Пхеньянның төңірегіндегі бейбіт аудандардың халқына жаңадан шабуыл жасап, [illegible] беталды тағылық бомбалауға ұшыратты. Қаланың бейбіт адамдарының арасында қаза тапқан адамдар көп, көптеген тұрғын үйлер мен балшық үйлер қыйратылды.

Бүгін жау самолеттерін атқыштар душпанның екі самолетін атып түсірді.

Пхеньянға жасалынған жаңа тағылық шабуыл

ПХЕНЬЯН, 5 апрель. (СОТА). 5 апрельге қараған түнде түнгі реактивтік истребительдердің бұркелемеуімен «ұшқыш қамал» американ ауыр бомбардировщиктерінің үлкен бір тобы Пхеньян қаласына күшті шабуыл жасады. Қаланың батысына орналасқан, халқы өте жиі Инхынри, Мимари, Камхын кварталдары, сол сияқты Пхеньянның солтүстік бөліміндегі Намбукәнри кварталы ерекше күшті бомбалауға ұшыратылды. Бомбардировщиктер бұл кварталдарға 200-ге жуық бомбалар тастады. Олардың көпшілігі ірі калибрлі бомбалар.

Осы адам жегіштік шабуылдың нәтижесінде Пхеньянның батыс және солтүстік бөлімдерінде көптеген баспана құрылыстар қыйратылды және өртенді. Бейбіт халықтың арасында қазаға ұшырағандар көп.

Ағылшын еңбекшілері Кореяда бітімнің жасалуына ұмтылуда

ЛОНДОН, 5 апрель. (СОТА). Ағылшын еңбекшілері Кореяда бітімнің жасалуын талап етуде. Машина құрылысы және кемеде болатын конференциясында сөйлеген сөзінде парламент мүшесі лейборист Колдрик Кореяда бітімнің жасалынуы туралы

Маленков жолдас партияның XIX съезінде жасаған баяндамасында совет халқының әл-ауқаты артып отырғандығының негізгі белгісі ұлттық табыстың үзіліссіз өсуінде екендігін айтты. 1940 жылдан 1951 жылға дейінгі уақыттың ішінде ССРО-ның ұлттық табысы 83 процент артты. Өткен жылы ұлттық табыс қосымша 11 процентке дейін өсіп, соғыстан бұрынғы дәрежеден екі есе асып түсті.

Қазіргі уақытта капиталистік елдерде ұлттық табыстың жартысынан көбін қанаушы таптар ғана иемденіп отырса, ал, Совет Одағында ұлттық табыс түгетіпен еңбекшілердің игілігіне жұмсалады. ССРО еңбекшілері өздерінің материалдық және мәдени тілектерін қанағаттандыру үшін ұлттық табыстың төрттен үш бөлегі шамасын алады, ал, қалған бөлегі социалистік өндірісті ұлғайтуға және басқа жалпы мемлекеттік, қоғамдық мұқтаждарға жұмсалады.

И. В. Сталин жолдас партияның XVI съезінде жасаған баяндамасында шаруашылықтың социалистік системасы жағдайларында «халық табысын бөлу ісі қанаушы таптар мен олардың сәнсіз арам тамақ нөкерлерін байыту мақсатымен емес, жұмысшылар мен шаруалардың материалдық хал-жайын үздіксіз жақсарту мақсатымен және қала мен деревняда социалистік өндірісті ұлғайту мақсатымен жүргізіледі» деп атап көрсетті.

Бесінші бесжылдықта Совет Одағының ұлттық табысын кемінде 60 процент көбейту, жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысын бөлшек сауда бағасының арзандатылуын еске ала отырып, кемінде 35 процент, ал, колхозшылардың ақшалай және заттай табыстарын кемінде 40 процент арттыру мақсаты көзделіп отыр. 1952 жылдың өзінде-ақ жұмысшылар мен қызметшілердің табыстары 1951 жылғымен салыстырғанда 7 процент және шаруалардың табысы 8 процент өсті.

Совет халқының нақты табысының үздіксіз өсуінің негізгі бір қайнар көзі азық-түлік және өнеркәсіп товарларының

Бағаның жаңадан арзандауынан социалистік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы қол жеткен орасан зор табыстарымызды айқын көреміз. 1952 жылы ССРО-ның өнеркәсібі соғыстан бұрынғы дәрежеден өнімді 2.3 есе артық берді.

Ұлы көсемдеріміз В. И. Ленин мен И. В. Сталин халықтың игілігі жөнінде, оның әл-ауқат және мәдени дәрежесін көтеру жөнінде үнемі қамқорлық жасап отырды. «Коммунизм дегеніміз, — деп үйретті В. И. Ленин,—совет өкметі және бүкіл елді электрлендіру». Ленин мен Сталиннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, партия халқымызды коммунизмнің материалдық- техникалық негізін жасау күресіне жұмылдыруда. Бұған табиғатты өзгертудің сталиндік жоспарларының жүзеге асырылып жатқандығы, Волгада, Днепрде, Амударьяда, Оңтүстік Украина және Солтүстік Қырымда орасан зор электр станциялары мен каналдар салу жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыстар көпіл. Осылардың барлығы, демек, коммунизмнің ұлы құрылыстары халық шаруашылығын онан сайын дамыта беруге жасалып отырған партия мен үкметіміздің қамқорлығы болып табылады. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің халық мүддесінен басқа мүддесі жоқ. Мұны партиямыз бен үкметіміздің совет халқына жасап отырған күнбе-күнгі қамқорлығы толық дәлелдейді.

Еліміздің еңбекшілерінің табысы тек әкшалай жалақы күйінде ғана емес, жұмысшылар мен қызметшілер мемлекеттен әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік хауіпсіздендіру есебінен көп жәрдем алады, сонымен бірге, санаторийлерге, демалыс үйлеріне үлкен жеңілдікпен немесе тегін путевкалар алады. Совет мемлекеті көп балалы және жеке басты аналарға көп жәрдем көрсетуде. Жұмысшылардың, колхозшылар мен қызметшілердің балалары бастауыш, жетіжылдық мектептерде тегін оқыйды, орта және жоғарғы дәрежелі оқу орындарында оқушыларға стипен-

айқын көруге болады. 1952 жылы ССРО-да 830 миллион данадан астам кітап қоры бар 368 мың кітапхана жұмыс істеді.

Бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларда республикалардың астаналарында, республикаға бағынатын қалаларда, облыс, өлке орталықтарында және ірі өнеркәсіпті қалаларда жалпай орта білім алуға көшуді аяқтау, сонымен қатар, келесі бесжылдықта басқа қалалар мен селолық жерлерде жалпыға бірдей орта білім алуды толық жүзеге асыруға қажетті жағдайлар әзірлеу міндеті қойылып отыр. Бесінші бесжылдықта орта мектептерде политехникалық білім беру және жалпай политехникалық білім беруге кешу үшін қажетті шаралар жүргізіледі.

Капиталистік елдерде жаңдай мүлде басқаша. Барынша көп капиталистік пайданы қамтамасыз ету үшін капиталистер еңбекшілерді аяусыз қанап, қайыршылық пен ашаршылыққа душар етіп отыр. Жұмысшылардың нақты жалақылары күннен-күнге төмендеп, көпшілік қолды товарлардың бағалары үздіксіз көтерілуде. Америка Құрама Штаттарында күнделікті қажетті тұтыну заттарының бағалары 25 процент өскен. Англияда 1952 жылдың өзінде ғана нанның бағасы 25 процентке, ұнның бағасы 26 процентке, май мен еттің әрбірінің бағасы 20 процентке, қанттың бағасы 17 процентке дейін өскен. Сонымен қатар, көпшілік қолды товарлардың өндірісі күн сайын қысқаруда. Мұндай жағдайлар басқа капиталистік елдерде де күн санап кең орын алуда.

Совет Одағының еңбекшілері Ленин—Сталин партиясы мен Совет Үкметінің күнбе-күн көрсетіп отырған қамқорлығына еңбектегі ерлік істерімен жауап беруде. Бейбітшілік сүйгіш совет халқының өз Отанының экономикалық күш-қуатын барған сайын нығайтып, бесінші бесжылдықтың міндеттерін аброймен орындайтыны сөзсіз.

М. РЫМЖАНОВ.

Сын мен өзара сын кең өріс алған жыйналыс

Ленин атындағы колхоз (Октябрь ауданы) партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысында сын мен өзара сын кең өріс алды. Партия бюросының секретары Ғ. Малдыбаев жолдастың есепті баяндамасы бойынша жарыссөзде 12 адам сөз сөйледі. Олар партия ұйымының коммунистерді тәрбиелеуде, колхозды ауылдың шаруашылық және мәдени тұрмысына басшылық жасауда қол жеткен кейбір табыстарын атап көрсетумен бірге, оның жұмысында орын алған елеулі кемшіліктердің бетін ашып, батыл сынады.

Коммунистер Бүтінбаев, Жұмағазин, Қонырбаев, Досымбеков жолдастар өздерінің саяси білімдерін жоғарылату ісіне немкеттілікпен қараған келген. Тек осының салдарынан олардың әркайсысы үйірменің сабағына бірнеше рет қатыспаған. Партия бюросының секретары Малдыбаев жолдас партия оқуының жайы туралы партия жыйналысында кезінде мәселе карауды ұмыт қалдырған.

Жергілікті Советтердің сайлауы өткеннен бергі бір айдың ішінде кейбір мал фермалары мен егіс бригадаларында үгітшілер мүлдем болмаған. Үгітшілер Белгер, Ыбраев, Жанғарин және басқалары партия бюросының секретары Малдыбаев жолдастың таныпыпан талантын кемдігін пайдаланып, үгіт-бұқаралық жұмыстан қол үзген.

Партия ұйымының шаруашылық жұмыстарға басшылығының кем болуы салдарынан мал қыстату мәусымы кейбір фермаларда ойдағыдай жүргізілмей отыр.

Жыйналыс партия бюросының жаңа құрамын сайлады. Партия бюросының секретарлығына Қанапин жолдас сайланды.

Қ. ТАЙЖАНОВ.

Осы аудандағы «Интернационал» ауыл шаруашылық артелінде мал қыстайтын жерде үш құдық қазылып, пайдалануға берілді. Ал, «Балуан», «Шит» және «Гигант» ауылшаруашылық артельдерінің әркайсысында бір құдық қазылды. Сол сияқты, Приешім, Ленин, Булаев, Преснов тағы басқа аудандардың колхоздарында құдық қазу жұмысы ойдағыдай жүргізіліп жатыр.

А. СТЕПАНОВ.

Салық төлеудің озаттары

Преснов ауданындағы Спасовка селолық Советінің салық агенті А. Перевер жолдас колхозшылар арасында түсінік жұмыстарын жүргізе отырып, салық қаржыларын жыйнауда айтарлықтай табыска ие болып отыр.

Жданов атындағы колхоздың мүшелері май мерекесін лайықты қарсы алуға әзірлене отырып, аванс ретінде шаруашылық салығы мен өзара салық бойынша мемлекетпен есеп айырысуда. Бұл жөнінде колхозшы карт Ы. Мұсабаев, Е. Мақышов, Қ. Салжігітов, коммунист Н. Самаев жолдастар ерекше көзге түсті.

Колхозшылар марттың бірінші жартысында аванс ретінде мемлекетке 16200 сомның шаруашылық салығын төледі.

Б. НЕКІБАЕВ.

ме жасау құрылысы чертежниктерінің кәсіподағының Моркамбеде жыл сайын өткізілетін конференциясында сөйлеген сөзінде кәсіподағының председателі Хьюз кәсіподақ мүшелері келіссөз жүргізу арқылы бітімге келісудің қажеттігін тану үшін, шешілмеген халықаралық талас мәселелерді шешуді қолдайды деп мәлімдеген. Хьюз Бэттл заңына сәйкес Англияға Құрама Штаттар күшпен таңған сауда карым-қатынастарына шек қоюшылыққа және Германияны жасақтауға қарсы сөйледі. Кореядағы соғысты тоқтату керек, деп мәлімдеді Хьюз.

Кооператив партиясының Саутсиде жыл

өкілсөздердегі кедергілерді жоюдың жаңа әрекеттерін» құттықтады.

Шеффильдегі машина жасаушылар кәсіподағының біріккен аудандық комитеті наукас және жаралы қолға түскендерді ауыстыру жөніндегі мәселе бойынша және бітім жасау туралы келіссөздерді қайтадан жүргізу туралы мәселе бойынша Қытай Халық Республикасының ұстаған бағытын мақұлдайтын қарар қабылдады.

Лондонның солтүстігіндегі машина жасаушылар кәсіподағының біріккен аудандық комитеті Кореяда бітімнің тез жасалуына өзінің ықпалын көрсетуге ағылшын үкметін шақырып, қарар қабылдады.

АҚШ-та ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

НЬЮ-ЙОРК, 4 апрель. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Сиракуза (Нью-Йорк штаты) қаласынан берген хабарына қарағанда, электр жабдықтарын шығаратын Сиракузадағы «Дженерал электрик» компаниясы заводының 10 мың жұмысшысы 3 апрель күні ереуіл бастаған. Жұмысшылар жалақының арттырылуын талап етеді.

БРАЗИЛИЯДАҒЫ ҚУАНШЫЛЫҚ

МОНТЕВИДЕО, 4 апрель. (СОТА). Бразилияның «Коррейо да Манья» газетінің хабарына қарағанда, Бразилияның оңтүстік штаты Рио-Гранде-до-Сулда күшті қуаншылық болып, содан штаттың ең құнарлы ауылшаруашылық аудандары үлкен зиян шегуде. Судың тартылып, жайылымның

құрап кеткендігінен мал ауыр күйзелушілікке ұшырауда. Газет ауылшаруашылық дақылдарының көпшілігі күйіп кетті, егер жақын арада жаңбыр болмаса, қалған дақылдардың да мүлдем сеніп қалатындығын атап көрсетеді.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

МАШИНА ЖҮРГІЗУШІ! *Темір жол көпірінен өтерде* **САҚ БОЛ**



ШОФЕРЛЕР, ТРАКТОРШЫЛАР, АТПЕН ЖҮК ТАСУШЫЛАР, КОМБАЙНШЫЛАР!

Темір жол көпірінен автомобиль және көлік транспортымен кесіп өту және темір жол арқылы аса ауыр жүктермен өту туралы ережені бұзбаңыздар.

Көпірге жеткеннен кейін, тоқтаңыздар. Көпірдің екі жағында да жол бос па екен, соны байқаңыздар, егер келе жатқан поезд болмаса сонда ғана сағатына 15 километрдей аспайтын жылдамдықпен көпірден өтіп кетіңіздер. Көпірден өтерде өздеріңіздің жүктеріңізді байқап, жүктің бірде-бір бөлегі түсіп қалмауы үшін, арба, шана немесе машина сыртқа шығып тұратын бөлшектерімен көпірге немесе рельске тіреліп қалмауы үшін жүктеріңізді тәртіптеп алыңыздар.

Көпірі жоқ жерлерде темір жолды кесіп өтпеңіздер. Әсереке қараңғы түскеннен кейін және тұманды, боранды, қар жауып тұрған кездерде көпірлерден өтерде ерекше ұқыпты және қырағы болыңыздар.

Темір жол әкімшілігінің рұхсатынсыз ауыр жүкпен көпірлерден өтпеңіздер.

Гуртоправтар және мал немденушілер!

Малдарды темір жол бойынан 500 метр жерге айдап жіберіңіздер, темір жолға жақын жерде малдың бақташысыз жүруіне жол бермеңіздер.

Жол маңайындағы бөлінген алаңдарда мал бақпаңыздар.

Көмірі жоқ жерден темір жол арқылы мал айдамаңыздар.

Омбы темір жолындағы Петропавлдың 5-жол дистанциясы.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00540

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы баспа және кітап саудасы, полиграфия өнеркәсібі Басқармасының ПетропавлдағыМемлекеттік № 18 баспаханасы, Ленин, көшесі, № 21-үй.